

ӘОЖ 343.2/.7:1

¹А.Ж. Әбдіжәми*, ²Ж.К. Кожантаева¹Қарағанды «Болашақ» университеті, з.ғ.к.,
қылмыстық құқық және іс жүргізу кафедрасы, Қазақстан, Қарағанды қ.²Қазақ гуманитарлы-заң университеті, з.ғ.к., қылмыстық, қылмыстық-атқару құқығы және
криминология кафедрасы, Қазақстан, Астана қ.

*E-mail: aity81@mail.ru

Декриминализация – қылмыстық саясатты жүзеге асыру құралы ретінде

Мемлекеттің қылмыстық саясатын жүзеге асыру механизмдерінің қатарында криминализация, декриминализация мен пенализация бар.

Криминализация мен декриминализация процесі қылмыстық заңды қабылдаумен немесе өзгерістер мен толықтырулар енгізумен аяқталмайды, ол бір жолғы акт сипатында емес. Декриминализация әрқашан тұрақты түрде жүргізіліп отырады. Мақалада қылмыс құрамдарын әкімшілік құқық аясына ауыстырумен проблемалардың шешілмейтінін, декриминализация процесін жүргізу арқылы қоғамға қауіптілігі елеулі емес қылмыстарды толық алып тастау немесе ішінара басқа құқықтың аясына ауыстыру үшін басшылыққа алатын белгілері ұсынылады.

Түйін сөздер: қылмыстық құқық, қылмыстық саясат, қылмыстық заңнаманы жетілдіру, криминализация, декриминализация, қылмыс, әкімшілік құқық бұзушылық, қылық, қылмыстық саясатты жүзеге асыру, қылмыстық заңның тиімділігі.

A.Zh. Abdizhami Zh.K. Kozhantaeva

Decriminalization as a means of criminal policy realization

The article considers the principles of decriminalization as one of the means of criminal policy realization. The author suggests working out the criteria of referring crimes to the other offences and acts. In particular, in Special part of Criminal code it is necessary to point out the structures where the administrative measures could be applied. Moreover in the General part of the Criminal code it is also necessary to give the list of insignificant socially dangerous acts.

Keywords: Criminal law, criminal policy, development of criminal policy, criminalization, decriminalization, crime, administrative offence, act/crime, realization of criminal policy, efficiency of criminal policy.

А.Ж. Әбдіжәми, Ж.К. Кожантаева

Декриминализация – как средство реализации уголовной политики

В статье рассматриваются принципы декриминализации как одного из средств реализации уголовной политики. Предлагается выработать критерии отнесения преступления к правонарушениям и к проступкам. А также указать в Общей части УК РК перечень малозначительности общественно опасных деяний.

Ключевые слова: Уголовное право, уголовная политика, совершенствование уголовной политики, криминализация, декриминализация, преступление, административное правонарушение, поступок, реализация уголовной политики, эффективность уголовной политики.

Мемлекет қылмыстық саясаттың бағытын қалыптастыру мен нысанын өзі құрастыратындықтан, қылмыстық саясаттың жүзеге асуы үшін де жауапты болады. Дайындалған заң актісін қабылдап, қолданысқа енгізудің жеткіліксіздігін тәжірибе баяғыда-ақ дәлелдеп берді. Сондықтан оларды жүзеге асыру механизмдері де нақты белгіленіп, нәтижесі талқыланып қылмыстық заңда бекітіліп отыруы шарт. Мұндай механизмдердің қатарында криминализация, декриминализация, сондай-ақ пенализация процестері бар.

Мемлекеттің қылмыстық саясаты қылмыстық заңда өз бейнесін табады дейтін болсақ, ол заңның қызметі Қазақстан Республикасында 1997 жылы 16 шілдеде қабылданып, 1998 жылы 1 қаңтардан бастап күшіне енген Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі жүзеге асырады. Кодекс адам мен азаматтың, мемлекеттің мүдделерін қылмысты әрекеттерден қорғау, қоғамның қалыпты қызмет етуін қамтамасыз ету мен қылмыстылықтың алдын алу міндетінің қылмыстық заңға жүктелгені белгілі. Аталған міндетті жүзеге асыру үшін қылмыстық заң қылмыстылықты жою мен оның алдын алуда дер кезінде жауап беруге қабілет танытып, өз қызметін атқарады.

Дегенмен практика және ғылыми қызметкерлер тарапынан айтылған сындар нәтижесінде бұл заңға қазіргі уақытқа дейін көптеген өзгерістер енгізілді. Бұл жол мемлекеттің жүргізіп отырған қылмыстық құқықтық саясатымен тығыз байланысты. Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы Жолдауында еліміздегі қылмыстық құқықтық саясаттың негіздерін белгілейтін төрт іргелі кодексті жаңадан қабылдауды тапсырды, заңгерлер мен ғалымдар арасында бұл кодекстердің жобасы талқыланып жатыр.

Бұл дегеніміз, заң шығарушы қашан да қылмыстар қатарына жататын әрекеттер шеңберін үнемі нақтылап отырады дегенді білдіреді.

К. Маркс былай деп жазған: «...заң шығарушының шартсыз парызы – қылық (проступок) сипаты бар әрекеттердің барлығын жағдайларға байланысты қылмысқа айналдырмау». Әрі қарай «...әділетті заң шығарушы, ең алдымен, мұндай қылмыс болмаған әрекеттерді қылмысқа айналдырмас бұрын оны ең ауыр, ең күрделі және ең қауіпті іс деп тануы тиіс» деп толықтырады [1, 82 б.].

Осыдан барып қылмыстар қатарына жататын әрекеттерді анықтау мен белгілеуде (криминализация) заң шығарушы басшылыққа алатын принциптердің маңыздылығы шығады. «Қоғамға қауіпті іс-әрекеттерді криминализациялау (декриминализация да солай) принциптері неғұрлым абстрактілі және жалпы ғылыми қамтамасыз ету деңгейі мен қылмыстық құқықшығарушылықтың негізділігін көрсетеді. Яғни қылмыстық заңның кез келген өзгерістері ғылыми тұрғыда негізделген және қылмыстық заңды құрастыру талаптарына (соның ішінде әлеуметтік шындықтың әртүрлі салаларымен байланысына) сай келген болуы тиіс [2, 71 б.].

Ал шын мәнінде криминализация (декриминализация) принциптері қылмыстық жауаптылықты белгілеудің (жоюдың) ережелері мен критерийлерін білдіреді.

Криминализация мен декриминализация процесі қылмыстық заңды қабылдаумен немесе өзгерістер мен толықтырулар енгізумен аяқталмайды, ол бір жолғы акт сипатында емес, әрқашан тұрақты түрде жүргізіліп отырады.

Қылмыстық заңнаманың даму тарихы бұрын қылмыс болып табылмаған іс-әрекеттерді қылмыстар қатарына жатқызуды немесе керісінше заң бойынша қылмыс деп танылатын іс-әрекеттерді қылмыстар қатарынан алып тастаудың көптеген мысалдарынан сыр шертеді.

Себебі заң мәңгі емес, ол уақыт өткен сайын өзгеріп отырады. Мәселен, кеңестік және қазақстандық қылмыстық заңнаманы салыстыру кезінде екі заң арасында сәйкес емес тұстардың көптігі назар аудартады. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің Ерекше бөліміндегі баптардың 30% -ға жуығы мүлде жаңа құрам болса, кеңестік кезеңдегі Қылмыстық кодекс баптарының 35% -дайы қазіргі заңда кездеспейді. Тіпті, қазіргі қолданыстағы Қылмыстық кодекстің түпнұсқасында белгіленбеген қылмыс құрамдарының да саны уақыт өткен сайын қордаланып келеді. Осыған байланысты екі заң реттейтін қарым-қатынастарды құқықтық реттеудің ерекшеліктерінің болатыны заңды, яғни қылмыс құрамының жаңа белгілері енгізіліп, қылмыстың кейбір түрлерінің қоғамға қауіптілік дәрежесі өзгертіліп, заңдарға сәйкес туындаған мәселелерді шешуге ұмтылдырады. Осындай өзгерістер мен толықтыруларды енгізу немесе мемлекеттің қылмыстық құқықтық саясатын жүзеге асыру құралы ретінде крими-

нализация және декриминализация әдістерін айтуымызға болады.

Н.И. Загородников мұны былайша түсіндіреді: «кейбір қоғамға қауіпті қатынастардың мазмұнының өзгеруі оларды қылмыстық құқықтық шаралармен қорғаудың қажеттілігі болмай қалуында» [3, 53 б.].

Бұл тұрғыда ҚР Қылмыстық құқығы саласының да даму бағыттарын 2002 жылғы тұжырымдамасында көзделген мақсаттарға сай жүргізілгенін айта кету керек. Қылмыстық заңнаманың басты міндеттері ҚР ҚК 2-бабында – адам және азаматтың құқықтары мен заңды мүдделерін, меншікті, ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін, қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті қорғау және қылмыстардың, қылмыстылықтың алдын алу деп бекітілген. Ендеше қылмыстық заң – заңды бұзған адамдарды қылмыстық жауаптылыққа тартудың негізділігін қамтамасыз ететін басты құрал қызметін атқарады. Заңды қалыптастыру өте күрделі және жауапты мәселелердің қатарында, олар өз алдына зерттеуді қажет етеді. Өз кезегінде қолданыстағы заңдарды жетілдіру; жаңа өмірлік ахуалға сай келетін жаңа заңдарды қабылдау; заңшығарушылық қызметінің сапасын арттыру міндетін шешу қандай да бір заңды жаңадан дайындау мен қабылдау тәртібін қайта қараумен де байланысты десек, оның өзіндік себептері болуы шарт.

Декриминализация процесі тек қана өзіне тән белгілерге («критерийлерге») негізделмейді, криминализация процесіне қарама-қайшы. Сондықтан іс-әрекетті криминализациялауға негіз болатын белгілердің болмауы декриминализациялауға негіз береді, яғни іс-әрекеттің қылмыстық тәртіппен қылмыс деп танымау мен жазаланбайтындығына әкеледі.

Декриминализация екі нысанда жүзеге асырылуы мүмкін: іс-әрекетті қылмыстар қатарынан толығымен алып тастау және оны заңды мінез-құлық деп тану; іс-әрекетті қылмыстар қатарынан ішінара алып тастау және оны басқа құқықбұзушылықтар санатына (әкімшілік, тәртіптік, азаматтық құқықтық) ауыстыру.

Декриминализация қылмыстық заңнамада қажеттілігі болмай қалған немесе өміршеңдігі болмаған құрамдарды қылмыстық құқықтық тыйымдардан арылтуға бағытталған, өйткені мұндай нормалардың қолданыстағы заңнамада

болуы қылмыстық құқықтық саясаттың қылмыстық жазаның тиімділігі мен қылмыстық нормалардың әлеуметтік шарттылығы принциптеріне қайшы келеді.

Кеңестік әдебиеттер қылмыстық жауаптылық туындатпайтын барлық құқықбұзушылықтарды әкімшілік құқықбұзушылықтардың қатарына жатқызып, әкімшілік құқықбұзушылықтар жөніндегі кодекспен реттеу қажет деген пікірлер келтірілді. Бұл пікірлермен келісу қиын, өйткені қылмыстан басқа құқықбұзушылықтарды бір топқа – әкімшілік құқықбұзушылықтарға жатқызу қиын. Құқықбұзушылықтарды әкімшілік, тәртіптік, азаматтық-құқықтық деп түрлерге бөлу өз-өзін әлдеқашан ақтап, өміршеңдігін танытып қойған. Олардың әрқайсысының жауапкершілікке тарту бойынша сұрақтарды шешкенде өзіндік ерекшеліктерге ие. Оның үстіне, әкімшілік құқық бұзушылықтар мен қылмыстардың әлеуметтік құқықтық мәні де сәйкес келмейді.

Сонымен бірге қылмыстар мен әкімшілік құқықбұзушылықтар ұғымдарымен бірге қоғамдық ұйымдар алдында жауапкершілік туындататын антиқоғамдық қылықтар ұғымын енгізіп, олардың тізімін арнайы ноормативтік актіде көрсету керек деген де пікір айтылады [4].

Кейбір теоретиктер мен практиктер қылмыстар қатарынан «қылмыстық қылықтарды» ажыратып, қылмыстық қылықтар кодексінде біріктіру керек дейді. Бұл бағыттың қарсыластарының бірі И.М. Гальперин былай дейді: «Біздің ойымызша, қылмыстық қылықтар кодексін қабылдаудың қажеті жоқ. Іс жүзінде тиісті құқықбұзушылықты қалай атау емес, одан туындайтын заңдық салдарда. Қылмыстық кодекске «қылмыстық қылықтарды» енгізу, шын мәнінде, тек қана терминологиялық сипатының өзгеруін ғана білдіреді, өйткені елеулі емес және қоғамға қауіптілігі үлкен емес қылмыстардың болуы оларды істегендерге неғұрлым жеңіл жаза қолдануды, тіпті, қылмыстық жауаптылықтан босатуды білдіреді. ҚК-ке қылмыстық жауаптылықсыз «қылмыстық қылықтарды» енгізу қылмыстық заңнама негіздерінің 1-бабына да тікелей қайшы. «Қылмыстық қылықтар туралы» кодексті қабылдау идеясы да негізсіз» [5, 66 б.].

Қазіргі уақытта барлық құқықбұзушылықтар екі үлкен топқа бөлінген: қылмыстық

жауаптылық туындататын және қылмыстық жаза қолданатын құқықбұзушылықтар және басқа да құқықбұзушылықтар (әкімшілік, тәртіптік, азаматтық-құқықтық және т.б.) бұл криминализация принциптеріне сай жүргізілетін бөліну.

Қандай да бір қылмысты толығымен декриминализациялағанда қылмыстық құқықтық саясатта қиындықтар туындамайды, қылық (құқықбұзушылық) қылмыс болудан қалады да басқа құқықбұзушылықтар санатына өтіп кетеді. Әрине, мұндай қылық «қылмыс» бола алмайды, оған қылмыстық заңнамада ешқандай орын жоқ.

Қиындық мына жағдайда туындауы мүмкін, егер заң шығарушы қандай да бір әрекетті қылмыстық жазаланатын әрекет деп тани отырып, тиісті мемлекеттік органдарға белгілі бір жағдайларда аталған қылмыстары үшін кінәлі адамдарды қылмыстық жауаптылықтан босатуға, оны әкімшілік жауапкершілікпен немесе қоғамдық ұйымдар алдындағы жауапкершілікпен алмастыруға құқық береді.

Мұндай жағдайда адамның жасаған әрекеті қылмыс пен қылмыс еместіліктің арасында тұрады. Заң бойынша ол қылмыс болып табылса және ол үшін қылмыстық жаза тағайындалмай, ол үшін әкімшілік мәжбүрлеу немесе қоғамдық ықпал ету шаралары қолданылса мұндай әрекет қылмыс болмайды деген сөз емес. Дегенмен мұндай әрекеттер мен қылмыстық жаза бірден тағайындалатын қылмыстар арасындағы айырмашылықты көрмеу мүмкін емес. Сондықтан заң шығарушы әкімшілік қылықтар мен қылмыстардың айырмашылығын нақты көрсетіп, іс бойынша нақты шешімді дәл көрсетіп қоюы шарт.

Заңнамада қылмыстық жауаптылық әкімшілік жауаптылықпен ауыстырылатын жағдайлар нақты көрсетілген. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 9-бабының 2-бөлігінде көрсетілген: «Осы Кодекстің Ерекше бөлімінде көзделген қайсыбір әрекеттің белгілері формальды болса да бар, бірақ елеулі маңызы болмағандықтан қоғамдық қауіпті емес, яғни жеке адамға, қоғамға немесе мемлекетке зиян келтірмеген және зиян келтіру қаупін туғызбаған іс-әрекет немесе әрекетсіздік қылмыс болып табылмайды» деген нормасына сәйкес қоғамға қауіптілігі елеулі емес қылмыстарға қандай қылмыстар жататындығын анықтаудың

критерийлері мен тізімі белгіленбеген. Бұл өз кезегінде құқық нормаларын қолдануда қиындықтар туғызып, істі тәжірибеде шешуде қателіктерге жол ашуы мүмкін.

Тағы бір дәлел, әдебиеттерде әкімшілік қылықтар мен қылмыстарды сандық жағынан емес, сапалық жағынан ажыратылатыны келтірілген. Әкімшілік қылықтар немесе құқықбұзушылықтардың қоғамға қауіптілік сипаты болғанымен, ол сипат қоғамға криминалдық қауіптілік қасиетін әкелмейді (бұл жайында ҚР ҚК-нің 9-бабында қылмыс ұғымын бергенде де айтылған) [6].

Қылмыстық саясаттың, қолданыстағы қылмыстық заңдардың тиімділігіне қол жеткізу үшін, соның ішінде қылмыстық заңдағы қылмыстар құрамын декриминализациялауды негіздеу үшін қылмыстар мен қылықтарды ажыратуға көмектесетін келесі белгілерді енгізуді ұсынамыз: 1) заң шығарушы қылмыстық жазадан басқа әкімшілік шаралар қолданылуы мүмкін құрамдарды Қылмыстық кодекстің Ерекше бөлімінің барлық баптарының санкцияларында «...немесе әкімшілік ықпал ету қолданылуы мүмкін» деп нақты көрсету;

2) Жалпы бөлімнің осындай шаралар қолданылуы мүмкін құрамдар тізбектелген бабында олардың Ерекше бөлімде тікелей көрсетілген жағдайында қолданылатынын бекіту;

3) ҚР Қылмыстық кодексінің Жалпы бөлімінде қоғамға қауіптілігі елеулі емес қылмыстардың нақты тізімін анықтау; оны қылмыс құрамдарын жай ғана тізбектеу немесе оларды істегені үшін қолданылатын жазаның максималды шегін белгілеу жолымен көрсетуге болады.

Бұл бағыттар Қазақстан Республикасының жаңа Қылмыстық кодексін дайындау барысында міндетті түрде ескерілуі тиіс.

Сонда ғана Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнамасы Қазақстанның мемлекеттілігін қамтамасыз ететін құрал ретінде танылу бағытында қызмет етуін жаңа Тұжырымдама аясында да жалғастыратынына және қылмыстылық деңгейі төмен қоғам құру мақсатына сай келу жолында қызмет етіп, халықаралық деңгейге мемлекеттік және қоғамдық институттардың мүмкіндігін танытып, қылмыстық саясатты анықталған даму бағыттарына сүйеніп жүргізуіне жол ашылады.

Әдебиеттер

- 1 Курляндский В.И. Уголовная политика, дифференциация и индивидуализация уголовной ответственности.– В кн.: Основные направления борьбы с преступностью. – М., 1975.
- 2 Злобин Г. А. Основания и принципы уголовно-правового запрета.– Советское государство и право. – 1980. – № 1.
- 3 Загородников Н. И. Советская уголовная политика. – М., 1987.
- 4 Гарбуз А.Д., Сухарев Е. А Кодификация законодательства об ответственности за проступки.– Советское государство и право, 1979, № 9, с. 122-123; Курляндский В.И. Неотвратимость наказания в борьбе с преступностью. – Советское государство и право. – М., 1972. – № 9.
- 5 Гальперин И.М. Социальные и правовые основы депенализации. –М., 1978.
- 6 Центр исследования правовой политики ноябрь 2010 г. Электронная версия документа доступна на вебсайте <http://www.zakon.kz/190761-administrativnaja-prejudicija-i.html>

References

- 1 Kyrlyandskui V.I. Criminal politics, differentiation and individualization of criminal vetom.- In book.: Basic directions of fight against criminality. – М., 1975.
- 2 Zlobin G.A. Grounds and principles of уголовно-правового запрета.- the Soviet state and right, 1980, № 1.
- 3 Zagorodnikov N.I.Soviet criminal politics. – М., 1987.
- 4 Garbuz AD, Sukharev E. Codification of legislation about responsibility after crime.- the Soviet state and right, 1979. № 9, p. 122-123; Курляндский В. И. Inevitability of punishment in a fight with crimes.- Soviet state and right. – М., 1972. – № 9.
- 5 Galperin I.M. Social and legal bases of depenalisions. – М., 1978.
- 6 Center of research of legal politics November 2010 the Electronic version of document is accessible on the website of <http://www.zakon.kz/190761-administrativnaja-prejudicija-i.html>